

Элективті модульдер каталогының құрылымы мен мазмұнының үлгісі

Мамандық атауы және шифры: 6В02304–Филология: қазақ филологиясы

Оқу мерзімі: 4 жыл

Қабылдау жылы: 2024

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
1 Модуль. Тілдік модуль (20 академиялық кредит)				
ЖББП МК	ShT 1101	Шетел тілі	1,2	10
ЖББП МК	К(О)Т 1102	Қазақ (орыс) тілі	1,2	10
2 Модуль. Жалпы білімдік пәндер (35 академиялық кредит)				
ЖББП МК	КТ 1103	Қазақстан тарихы	2	5
ЖББП МК	ASBM 1104	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	1,2	8
ЖББП МК	АКТ 1105	Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	1	5
ЖББП МК	Dsh 1106	Дене шынықтыру	1,2	4
ЖББП МК	Dsh 1106	Дене шынықтыру	3,4	4
ЖББП МК	PBVM 2107	Пәнаралық білім беру модулі (Қаржылық сауаттылық және кәсіпкерлік негіздері. Құқық негіздері және сыбайлас жепқорлыққа қарсы мәдениет. Экология және өмір қауіпсіздігі)	2	5
ЖББП МК	FIL 2108	Философия	3	5
3 Модуль. Халық ауыз әдебиеті (13 академиялық кредит)				
БП ЖК	КНА 1201	Қазақ халық ауыз әдебиеті	1	4
БП ЖК	НКТ 1202	Нормативті қазақ тілі	1	4
БП ЖК	ТВК 1203	Тіл біліміне кіріспе	2	4
БП ЖК		Оқу практика	2	1

Дублин дискрипторлары: (А, В, С, D, E)

Пәннің атауы: Қазақ (орыс) тілі

Бағдарлама авторы: Бекниязова Д.Д., Имашева А.А., аға оқытушылар

Курсты оқытудың мақсаты (оқу бағдарламасына сәйкес) Курстың негізгі мақсаты «қазақ филологиясы» мамандарының мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынастық құзіреттілігін базалық жеткіліктілікті, базалық стандарттық, жоғары-базалық стандарттың деңгейлерінде қалыптастыру болып табылады. Мәдениетаралық және кәсіби қарым-қатынастық құзіреттілік лингвистикалық (тілдік), дискурсивтік (сөйлеу), мәдени-әлеуметтік және стратегиялық құрылымдардан тұратын күрделі тұтастық болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атауы) Қарым-қатынастың жазбаша формасын дамыту үшін тапсырмалар, «Қоғамдық-кәсіби лексика және стилистикалық мәселелер», «Қазақ тілінің стилистикалық мәселелері мен қоғамдық-діни лексикасы», қарым-қатынастың ауызекі сөйлеу формасын, жазбаша формасын дамыту үшін берілетін жағдаят тақырыптары.

Пререквизиттері: Қазіргі қазақ тілі фонетикасы, Шетел тілі

Постреквизиттері: Қазіргі қазақ тілі морфологиясы мен сөзжасамы, Кәсіби бағытталған шетел тілі

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Лингвомәдени, ұлттық тілдік сананың лингвомәдени бейнесі мен менталитеті ретінде өз мәдениеті негізінде үйренушіде «алғашқы әлемнің концептуалды бейнесін» қалыптастырады; В) Қатысымдық тілді меңгерушінің қатысымдық емеурінін (ойын) жүзеге асырудың қабілеті мен дайындығы ретінде түсіндіріледі; С) кәсіби-бағдарлы, болашақ кәсіби қызмет технологиясымен тікелей байланысты сөйлеу және қатысымдық қызметінің барлық аспектілерінде қазақ тілін кәсіби меңгеру ретінде анықталады; D) қарым-қатынастың ауызекі формасын дамытады; E) Қарым-қатынастың жазбаша формасын дамытады.

Дублин дискрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Ақпараттық коммуникациялық технологиялар

Бағдарлама авторы: Айтбенбетова А.Қ., ф.ғ.к, доцент

Курсты оқытудың мақсаты: *(оқу бағдарламасына сәйкес)* Студенттерді бұқаралық ақпарат құралдары жұмысының ерекшеліктермен таныстыру және практикалық мерзімді басылымдарда жұмыс істеу

Пәннің қысқаша мазмұны: (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атауы) Ақпарат жинау және жазу шеберлігі жұмысының ерекшеліктермен таныс және ақпаратты жинаудың журналистік әдістерін практикалық тұрғыда жасап көру

Пререквизиттері: Әдебиет пен мәдениет саласындағы PR, PR-дағы мультимедиялық және IT қолдану

Постреквизиттері: Мультимедиялық журналистика, Интернет журналистика

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Ақпаратты жинаудың журналистік әдістерін практикалық тұрғыда жасап көру В) Журналистік игеру С) Газет дайындау және өндіріс техникасымен таныстыру D) Дербес шығармашылық және оқыту дағдыларын дамыту E) баспа басылымын өндіру технологиясын меңгеру

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Қазақ халық ауыз әдебиеті

Бағдарлама авторы: Олжабаев Б.К., магистр

Курсты оқытудың мақсаты: Әдебиет тарихын, терминологияға қатысты мәселелерді, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың және қоғаммен байланыстың, әдеби шығармашылықтың барлық түрлерінің негізгі әдістері мен тәсілдерін меңгерту мақсат етіледі. Тіл білім және әдебиет тарихы, лирика жанры, журналистика салалары, оқыту әдістемесі бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолдана білу көзделеді.

Пәннің қысқаша мазмұны:

Білім алушыларға қазақ фольклорын жеке пән ретінде оқыту арқылы халқымыздың сан ғасыр бойына жасаған рухани мәдениеті – фольклорлық мұраларды терең, жан-жақты таныстыру мақсат етіледі. Мазмұн-мәні терең, әрі көркем халық әдебиетін аса бағалы байлық ретінде оқыта отырып, оның өзінше сыр-сипатын танытып, жастарға тағлым беру көзделеді. Фольклордың пайда болуы туралы пікірлер, фольклордың жанрлары мен түрлері жайында мағлұмат түсіндіріледі.

Пререквизиттері: Әдебиеттануға кіріспе, Шешендік өнер

Постреквизиттері: Ежелгі дәуірден XIX ғ.д. қазақ әдебиеті тарихы, Қазіргі қазақ әдебиеті

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Тіл білімі мен әдебиеттану саласы, терминология, әдебиет тарихы, менеджмент және көшбасшылық бойынша алдыңғы қатарлы білім элементтерін, түсінеді, көрсете біледі, оны кәсіби деңгейде қолданады. В) Кәсіби

бағыттағы филологиялық білімдерін еңбек нарығындағы нақты сұраныстарға, экономикалық талаптарға сай кәсіпкерлік мақсатқа және бизнес, қоғаммен байланыс, менеджмент салаларына құқықтық нормалар аясында пайдаланады және қолданады. С) Лингвистикалық бағыттағы және аймақтық, қазақ, шығыс, шетел әдебиеті бойынша, Алаш әдебиетіне қатысты материалдарды жинаудың, дискурстық талдаудың, мәтінді қажетті деңгейде түсіндірудің базалық дағдыларын меңгереді. D) Әдебиет тарихын, терминологияға қатысты мәселелерді, оқылатын тілде әдеби көркем сөйлеу, осы тілдегі ауызша және жазбаша қарым-қатынастың және қоғаммен байланыстың, әдеби шығармашылықтың барлық түрлерінің негізгі әдістері мен тәсілдерін игереді. E) Тіл білім және әдебиет тарихы, лирика жанры, журналистика салалары, оқыту әдістемесі бойынша озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Нормативті қазақ тілі

Бағдарлама авторы: Молдабаева З.М., аға оқытушы

Курсты оқытудың мақсаты: Нормативті қазақ тілі» курсы тіл, әдебиет мамандарын дайындау үшін оқылатын лингвистикалық пәндердің негізгісі болып есептеледі. Курс бүгінгі күні жалпыхалық қолданып жүрген қазақ әдеби тілінің фонетикалық, лексикалық, грамматикалық жүйесін ғылыми-теориялық негізін танытуды міндет етеді.

Пәннің қысқаша мазмұны: «Бұл ғылыми-теориялық негіз маманға тілдегі барлық фактілерді, құбылыс, процестерді дұрыс танып, еркін түсіндіруге мүмкіндік береді, сондықтан «Нормативті қазақ тілі» курсы іргелі, практикалық сипатта оқытылады. Бұл курс берген білім қазақ тілінің тарихын, түрлі стильдік, функционалды жанрларын, оқыту әдістемесін орфоэпия, емле, пунктуация т.б. мәселеріне арналған пәндерді оқып, меңгеруіне тірек болады.

Пререквизиттері: Қазақ жазуы және латын әліпбиі, Шетел тілі

Постреквизиттері: Тілдік қатынас негіздері, Қазақ әліпбиінің тарихы

Оқытудан күтілетін нәтижелер: A) Қазақ тілінің құрылымдық жүйесінің басты мәселелерінен хабардар болады. B) Тілдің негізгі заңдылықтарын жетік меңгереді. C) Тілдің барлық саласы бойынша құрылымдық жүйесін таниды; D) Тілдік талдау жасау дағдыларын қалыптасырады.

Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)

Пәннің атауы: Тіл біліміне кіріспе

Бағдарлама авторы: Тектіғұл Ж.О., ф.ғ.д., проф.

Курсты оқытудың мақсаты (*оқу бағдарламасына сәйкес*) «Тіл біліміне кіріспе» курсының басты мақсаты – тіл білімінің негізгі ұғымдар жүйесімен және тілдік терминдермен таныстыру, тілдің құрылымдық, жүйелік, танымдық болмысы, мәні жайлы түсінікті қалыптастыру және де студенттерді тілдік талдау дағдысымен қаруландыру болып табылады.

Пәннің қысқаша мазмұны: (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары) Бұл курс теориялық және практикалық екі бағытта жүргізіледі. Курстың теориялық бөлімінде тіл білімінің ғылым ретінде танылуы, тіл білімінің ғылымдар арасында алатын орны, басқа ғылым салаларымен байланысы, тіл білімінің зерттеу әдістері жайлы мәлімет беріледі, тілдің мәні мен қызметі жайлы, тілдің шығуы мен дамуы жайында, тілдің лексика, грамматика, фонетика салалары жайлы түсінік беріледі.

Пререквизиттері: Қазақ жазуы және латын әліпбиі, Шетел тілі

Постреквизиттері: Тілдік қатынас негіздері, Неология саласының негіздері

Оқытудан күтілетін нәтижелер: А) Тіл, таным, сана арасындағы қатынасқа қатысты тіл біліміндегі ғылыми тұжырымдарды меңгереді. В) Тілдің анықтамасын, коммуникативтік, кумулятивтік номинативтік, танымдық қызметтерін талдайды. С) Тілдерді жіктеу принциптері мен жіктемесін меңгереді. D) Қазақ тілінің орфографиялық, орфоэпиялық заңдылықтарын меңгереді. Е) Тіл білімінің терминдерімен танысып, олардың салаларын сипаттай біледі.